

ЖАҚИЯ

ТУҒАН
ЖЕРГЕ МЕЙІРІН
ТӨККЕН

Алматы – 2017

УДК
ББК
Ж

Ж «Жақия. Туған жерге мейірін төккен». — Алматы қ.
2017 – 98.

ISBN

Балалық балдәурен шағы жоқшылықтан басталып, тағдыр теперішін талай бастан өткерген Жақия Бұқарбайұлы туралы осы кітап көп нәрсені көз алдыға әкеледі. Абзал аға ғұмырынан өнегелі өмірді, қиындыққа қаймықпай қарсы тұра білуді, адамдар арасындағы сыйластық пен кіндік қаны тамған жерді қастерлеу секілді пендеге қажетті қасиеттерді ұғынасың.

Қандай қызметте болса да, адалдықтан ауытқымағаны, қолдан келгенше алдына келген жандарға көмек қолын созып, жәрдем беруге жақын жүретіні, бар жақсы адамдар үшін деген ізгі ниетті көңіліне сақтап өскен Жақия Бұқарбайұлы есімі жас ұрпаққа өшпес өнеге десек, артық болмас. Балаларын да өз жүрегіндегі мейрімге бөлеп тәрбиеледі, кіндік қаны тамған жерге құрметпен қарауды жастай құлақтарына сіңірді. Соның арқасында Аралтөбе ауылы олардың ойынан шыққан емес. Үнемі қамқор қолын созуда.

Сіз қолыңызға алған кітап — ағаны тек есте қалдыру мақсатында емес, жас ұрпақты жақсылыққа, адами қасиетке, ең бастысы Қасиетті Отанымыздың кішкене бөлішегі — атамекенді аялай жүруге тәрбиелейді.

Осы жинақ сонысымен қызық, сонысымен бағалы.

ISBN

Отан әр адамның туған жерінен, ауылынан басталады. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ Отанын жақын танығысы келсе, ең алдымен өз ауылында өмір сүрген тұлғалардың жүріп өткен өмірін танып, біліп үлгі алуы тиіс.

Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлының өмірінің тарихы бір ғана жанұяның, әулеттің ғана тарихы емес, бүкіл Қазақстан тарихының көрінісі десе де болады. Себебі Жақия Бұқарбайұлының өмір жолы көп адамдардың өткен өмір жолының көрінісі іспеттес.

Жақия Бұқарбайұлы кіндік қаны тамған Ақтөбе облысы, Қарабұтақ ауданы, бұрынғы Қызылжұлдыз, қазір Аралтөбе елді мекенінен жырақта жүрсе де туған ауылын әрдайым аңсап, сағынып жүрді. Қолынан келгенінше өмір жолы басталған ауылына көмектесу ниетінде болды. Ол арманы іске асып балалары әкесінің өсиетін орындап мектеп салып, басқа да жақсылықтарымен қол ұшын ұсынуда.

Бұл кітапша туған жерін сүюдің үлгісі бола білген Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлының туып өскен жерінің жастарына тарту ретінде дайындалды.

Бердалы Әсілханұлы Оспан,
мәдениеттанушы



ЖАҚИЯ АҒА ЕСКЕРТКІШ - БЕЛГІСІ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Өкпегі мен өкпесі көп өмірде,
Қанша мұңдар ұя салды көңілге.
Жетімдікке өтті күндер жегілген,
Өтті күндер ертеңді ойлап егілген.

Басты имей бай екен деп басқаның,
Намыспенен жоқшылықты жасқадың.
Қай кезде де адалдықты айнымай,
Ашық еттің асқақ-ойдың аспаның.

Өмірдегі сөзі-шипә, ісі құт,
Таныттыңыз кім-кімге де кішілік.
Қанша жандар алдыңызға келгенде,
Қамқор болып, көмек еттің түсініп.

Туған жердей дархан болған жүрегі,
Бәріне де тең бөлінген нұр еді.
Өміріңіз өнеге еді өзгеге,
Көңіліңіз бұлт шалмаған күн еді.

Өмір қатаң, дей алмаспыз бағы-түн,
Білім іздеп, шырақ болып жағылды.
Оңтүстікке сыйлы болып жүргенмен,
Аядай сол Аралтөбені сағындың.

«Туған жерім-атажұртым, киелім,
Жылағанда қолтығымнан сүйедің» –
Деген сөзді жиі айтып жүрдіңіз,
Сағыныштың қозғап қойып тиегін.

Атажұртты сағынғанда келдіңіз,
Балғын ізді қиялменен көрдіңіз.
Аялауды туған жерді ұмытпай,
Сөзбен емес, іспен тәлім бердіңіз.

Әкелердің орындалса арманы,
Өмірдегі іздің шам боп жанғаны.
Балдарыңыз Иза апамен ұмытпай,
Туған елге қамқорлықты жалғады.

Жарқын еді адалдықпен жүзіңіз,
Өмірде де аз болмады күзіңіз.
Атыңызды жақсылықпен шығарар,
Артыңызда қалған ұрпақ-ізіңіз.

Ұрпаққа үлгі Сіздің өмір жолыңыз,
Жеткізерміз әлі талай соны біз.
Үлгі болып қаршығадай кейіпте,
Тас тұғырға мәңгілікке қондыңыз.

Ағар талай арналардан су-ағын,
Өткендерді толқынымен жуатын.
Аға енді ұмытпайды ұрпақтар,
Сізден алып ізгіліктің шуағын.

Атар талай бұл ғұмырдың таңдары,
Басын иер жақсы ағаның арманы.
Атажұртты биіктерге көтерер
Жақия аға мектебінің балдары

Егенберлі Әбдіраев,
*ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Ақтөбе облысы, Әйтеке би аудандық
«Жаңалық жаршысы» газетінің
әдеби редакторы.*



ЖАҚИЯ

ТУҒАН ЖЕРГЕ МЕЙІРІН ТӨККЕН

*Қайда жүрсең атамекен,
Көкейіңде жатады екен.
Күннің өзі қимай оны,
Ұясына батады екен.*

Қадыр Мырза Әлі

Өмірін ізгілік пен адамгершілікке, жақсылық пен құрметке арнап, жан-жақын кіршіксіз көңілмен сыйлай білген Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлының өмірбаяны, туған елі, ата-бабасының жайлаған жері туралы аз ғана сөз етпекшіміз.

Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлы 1934 жылы қазан айының 28-күні Ақтөбе облысы, Қарабұтақ ауданы, бұрынғы Қызылжұлдыз, қазіргі Аралтөбе елді мекенінде өмірге келген. Үлкен әкесі Сәрсен үш ағайынды болған – Сәрсен, Есен және Көшен. Сәрсеннен біздің атамыз Бұқарбай деген кісі. Бұқарбайдан - Жақия. Есеннен - Бәтiш, Ұлжан

деген екі қыз болды. Көшеннен - Жалғасбай ата, одан Ақзада апа. Ақзада апаның ұлы Мұратов Айтжан жанұясымен сол Аралтөбе елді мекенінің тұрғылықты азаматы.

Жұмаш ата Аралтөбенің белгілі, әрі атақты кісісі болған. Елде «Жұмаш тай қосса да бәйгеден келеді» деген сөз болған сол кездері. Сол аттарды баптайтын атсейіс Бұқарбай атамыз екен. Жұмаш атаның қолында қолбала болып өскен Бұқарбайдың неге жалғыз болғанын біз біле алмадық. Жұмаш ата Бұқарбай атаға Тоймағамбет деген кісінің Зағипа атты қызын алып беріп, үйлендіріп, өзінің қасына отау етіп қондырады.

Жақияның анасы Зағипа төрт ағайынды отбасында тәрбиеленеді. Оның Нәзира деген сіңлісі және екі інісі болған. Жұмаш ата ұлы Абдолла жалғыз болмасын деп, әйелі Звира екеуі Бұқарбай атаның алғашқы перзенті Даражаны өз бауырына басады.

Сол кездері «байларды ұстайды екен», деген сөз шығып, Жұмаш атаның басына да қиындық туындайтыны белгілі болады. Соны естіген Жұмаш ата бір түнде Қызылорда облысы Қазалы ауданы жаққа түйемен көшіп кетеді. Бұқарбай ата оларды Қазалыдағы Бекбауыл деген жерге апарып орналастырып қайтады.

Содан елде тұрып жатқанда бір ауру пайда болып, Бұқарбай атамыз қайтыс болады. Сол кезде



*Ата-анаға арнап ескерткіш қою кезінде.
(Бірінші барған сапар).
Қызыл Жұлдыз елді мекені (қазіргі Аралтөбе).
1987 жыл. Маусым айы*

Жақия біржарым жаста екен. Шамалы уақыттан соң анасы Зағипа да көз жұмады. Анасы өмірден өткенде бар-жоғы екі жаста болады. Жетімдіктің ауырлығы сол екі жасынан басталады.

Жақия Бұқарбайұлы «Анам қайтыс болғанда бір үлкен әже мені отырғызып «Сорладың ғой, балапан», деп айтқанын жиі есіне алатын. Ол Бақытжан әже екен. Біз 1987 жылы елге барғанда, Бақытжан әжені кездестіріп сөйлестік, бірақ жасы



*Ертілес ата, Мамық ана, Ақзада ана, Марат,
Даража ана, Өміртай, Сейфулла, Изада,
Жақия Бұхарбайұлы.
Қызыл Жұлдыз елді мекені (қазіргі Аралтөбе).
1987 жыл. Маусым айы*


келіп отырған қария көп ештеңе айта алмады. Арада көп жылдар өтті ғой, есінен шығып кеткен болар.

Ол кезде Бақытжан әженің қызы, балашағасы бар еді. Қазір сол Бақытжан әженің қызы Жеңсіктен қалған немерелері Айнаш, Бекболат бізбен араласып тұрады. Олар Аралтөбеден

Ақтөбеге көшіпті. Қазір жағдай сұрасып, нағашысын ойлап, басына барып қайтсақ, деп естеріне алып жүреді.

Жақия Бақытжан әженің қолында бес жасқа дейін болады. Сол Аралтөбеде бес жас, есін білер-білмес кезде Жалғасбай ата «мынау сенің үйің, мынау сенің әкеңнен қалған ат еді», деп есіне салып айтатын. Сол кезде атқа мінгізіп алып жүретін кездері Жақияның есінде қалыпты. Соны көп айтып, еске алатын.

Қазақта нағашы деген қасиетті ұғым бар ғой. Жақияның нағашылары Сералы, Әлімжан деген азаматтар





*Жақияның әскери борышын өтеп жүрген кезі.
Семей қаласы. 1955 жыл*

Орскі деген қалада тұрады екен. Сералы болған жағдайды біліп, ауылға келіп «Жездем мен әпкемнен қалған көзі Жақияны өзім тәрбиелеймін», деп алып кетеді.

Домбарск елді мекеніне апарып мектепке беріп, үшінші сыныпқа дейін оқытып жатқан кезде соғыс басталып, ол кісі майданға аттанып кетеді. Осылайша Жақияның ауыр күндері тағы да басталады.

Соғыс кезінде ағаның үйінде қалған әйелі мен қыздарының жағдайлары өте ауыр болады. Әйелін тыл жұмыстарына алып кетеді. Сонымен Жақия Домбарск елді мекеніндегі балалар үйіне баруға мәжбүр болады. Онда да жағдайы өте ауыр болады да балалар үйінен кетіп қалады.

Балалар үйінен кетіп, не істерін білмей, баратын жері жоқ, базарды аралап кетеді. Базарға барып жүргенде ауырып қалған күндері де болады. Ертесіне базарды аралап жүреді, бір кесе айран, бір үзім нан беретін адам жоқ. Сөйтіп тұрғанда бір кісі кездеседі. Ол Жақияның әкесін танитын Ізтілеу деген кісі екен.

Ізтілеу ата: «Әй, сен Бұқарбайдың баласы емесісің, қайдан жүрсің?» дейді. Жақия «Мен балалар үйінен қашып кеттім, баратын жерім жоқ», деп жауап береді. Сонда Ізтілеу: «Онда жүр, мен сені Домбарскінің Жылқыауыл деген жері бар, сол жақта сенің әкеңмен туыс Бәтіш апаң

тұрады. Сол апана апарып қосайын», деп алып барады. Жолда қиналып жаяу кетіп бара жатып, әбден қарны ашқан бала бір жылғаға кездеседі. Сол судан бір кішкентай балықтарды байқап қалып, етегімен сүзіп алып, шикідей жеп қойдым деп есіне алып айтқанда біз сенер-сенбесімізді білмей отыратынбыз. Сондай-сондай жағдайлар басынан өткен екен.

Ізтілеу ата апасының ауылына жақындағанда, жолды көрсетіп «Анау ауылда апанның үйі бар» деп өз жолымен кете барады. Жүгіріп ауылға жеткенше кеш болып қалады. Бірақ апасының үйін таба алмай көп әбіржиді. Апасының атын айтпай Кірбастың қызы деп сұрай беріпті.

Сөйтсе бір апа кездесіп одан «Бәтіш па?» дейді. Ия, менің апам Бәтіш, дейді. Жаңағы әйел апасының үйіне кіргізеді. Бәтіш апасы еңіреп қарсы алады. Бірақ апасының жағдайы да оншалықты емес екен. Қарабұтақ жақтан ер-азаматы қайтыс болып бір ұл, бір қызбен жесір қалып, бір шалға тұрмысқа шыққан екен. Ол кісі Жақияны жатырқайды. Жақия сол кезде он екі, он үш жаста болса керек. Бір бригадада жұмыс істей бастайды.

«Соғыстың кезі, кілең майда балалар жұмыс істейміз. Ертеңгісін ояту да қиын, таңғы алтыда бір бала ұйқыдан оянбай, бірін оятса бірі қайтадан ұйқыға құлап жататын. Бригадир орыс шал әбден



*Қасымхан ақсақалдармен
Жұмаи ата ескерткіш-
белгісінің басында.
Аралтөбе. 2003 ж.*

әбіржитін», деп өзі айтып отыратын. Сонымен апасының үйінде он төрт-он бес жасқа дейін болады.

Сосын Бәтіш апасы айтады: «Мен сені Қазақстанға алып барайын. Қазақстанда баяғы Абдолла аған, туған апан Даража бар, елге

қосайын» деп Жақияны ертіп алып, Қызылорда облысына келеді. Барарда Абдолла ағасының мекен-жайын білмей Қызылордаға келіп, жұрттан сұрап жүріп іздеп тауып алады. Содан кейін Даража апасының үйіне барады. Ол кісі тұрмыс құрып Қазалыда тұрады екен. Жақия Бәтіш апаны қайтадан ауылға әкеледі. Жұмысқа кіріп, киім-кешек алып, үсті-басын бүтіндеп, қайтадан Қызылордадағы Абдолла ағасының қолына барады.

Сол жаққа барғаннан кейін Қазалыдағы жездесінің үйіне келіп, бір жылдық малдәрігерлік курсқа түсіп, алыстан қатынап жүріп қиындықпен бітіреді. Содан курсты бітірген соң Қызылордаға ағасы Абдолланың үйіне барып мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. 1954 жылы Семейге әскер қатарына алынады. Екі жылдай әскерде жүріп 1956 жылы Шымкентке келеді. Ол кезде Абдолла аға Шымкентке көшіп келген болатын. Абдолла ағасының үйіне келгенде, үстіндегі әскери киімін алмастыруға да жағдайы болмайды. Сол әскери киіммен жарты жылдай жүреді. Қоғамдық тамақтандыру мекемесіне кіші бухгалтер болып қызметке орналасады. Осы кезден бастап Шымкентте жақсы өмір басталады.

Абдолла ағасының үйінде тұрып, қызмет жасап жүреді. 1958 жылы мен (Изада апа) Абдолла ағаның қолына, осы отанға келін болып келдім.



Марат, Өміртай, Мамық апа, Даража апа, Жақия Бұхарбайұлы, Изада, Жамболат, Сейфулла. Ата-анаға арнаған ескерткіш жанында қайтар кезде түскен сурет. Қызылжұлдыз елді мекені (қазіргі Аралтөбе). 1987 жыл. Маусым айында

1960 жылы бірінші баламыз өмірге келді. Оның атын Абдолла аға мен жұбайы Мамық апа екеуі біздің баламыз деп атын Қасымхан қойып өздеріне бейімдеп атады. Осылайша, Абдолла аға баламыз жоқ, біздің қолымызда болсын деп өтінгеннен кейін, біздер бірінші баламызды ағаға бердік.



Бұқарбай ата тұңғыш
перзенті Даражаны
Жұмаш атаға берсе, енді
Жақия тұңғыш ұлын
Абдолла ағаға беріп екі
атаны жалғастырды. Қазір
Қасекең сол кісілердің
атағында. Тегі Жұмашев,
балалы-шағалы.
Абдолла аға елге
барып кейінгі кезде
әкесінің басына жақсылап
белгі қойды. Қазір сол
Аралтөбеде Жұмаш
атаның белгісі
әліге дейін жақсы
тұр. Жұмаш
ата Қазалыға
көшіп кетті, деп
едік қой, бай-
болыстарды
ұстаған кезде
ол кісіні
Қазалы жақтан
тұтқындап алып
кетеді.

*Абдоллаұлы Қасымхан
балалық шағы*

Сөйтіп Жұмаш ата қамалып кетеді. Абдолла
аға көпке дейін іздестіргенмен, әкесінен хабар
таба алмады. Ақтөбе жаққа алып кетті дегенмен,
қай жерде қайтыс болғаны белгісіз. Сонымен
кейін өздері Аралтөбедегі Аққұдық елді мекеніне
белгі орнатты.

Абдолла ағаның өзі 1964 жылы 50 жасқа толар-
толмас шағында қайтыс болып кетті. Отанында
Қасымхан мен Мамық апамыз қалды. Мамық
апа қартайып 90-нан асқаннан кейін Қасекеңнің
қолында дүние салды.

Абдолла аға 1917 жылы туған екен. Тірі
болғанда биыл 100-ге толар еді. Баласы
Қасымханның бұйыртса, биыл Абдолла ағаның
рухына бағыштап ас береміз деген ниеті бар.

Жақия Бұқарбайұлы елуге толған кезінде
елді іздей бастады. Еліме барып әке-шешемнің
басына белгі қоямын, өзімнің туған жерімді
іздеп табамын, деп 1987 жылы Ақтөбе облысы,
Қарабұтақ ауданы, Қызылжұлдыз елді мекенін
іздестіріп келдік. Елге келіп Қарабұтақтағы Ақзада
апаның үйін тауып, әке-шешесінің басына белгі
орнату үшін, елден білетін адамдарды іздестіріп,
бір ағайындар көрсетіп, Аралтөбедегі Аққұдық
деген жерде әке-шешесінің басына белгі орнатты.
Қасына балалары еріп келді, көп адамдар жиналып
құдайы ас берілді.

Содан соң Орск жаққа барып, сол жақта жасы 80-ге келіп қайтыс болған нағашысы, анасының інісі Әлімжанның басына Шымкенттен жасатып атын жаздырып әкелген құлпытасты орнатып қайттық. Ол кісінің балалары болмаған.

ӨМІР ЖОЛЫМ

*(Жақия Бұқарбайұлының 1987 жылы
елге келерде жаздырған өлеңі)*

Бұл дүниеде ептейлі,
Көп күндер естен кетпейді.
Үзім нан тәтті сонда да,
Жетімектерге жетпейді.

Тек сауда, қысы-жазы ән,
Қызылтаудың бар базары.
Секілді еді-ау ол бірақ,
Шығайбай тірлік қазаны.

Көз көрмес ешбір тоқты – аш,
Екен ғой, достар, «жоқ» ащы.
Бүк түсіп бірде қалыппын,
Жеймін деп күнжіт тоқашты.

Базардың сырты албарды,
Іш бүріп жатып қалғанда,
Кездескен маған Қызырдай,
Ұмытпас жанды жалғанда-ай...

Ізтілеу ата арбалы,
Танып бір мені қалғаны.
Шығыпты елден, Ырғыздан,
Орскі жаққа барғалы.

Үй іріліп орап қалмай жан,
Алып бір жүрмін шалғайдан.
Дәу қара кісі, жылы сөз
Айтары құлақ қалқайған.

Бауыр жоқ оң мен солында,
Бірақ та қалқам қорынба.
Апаң бар Бәтіш дейтұғын
Әкеңмен туыс жолымда.

Деді-ау қарт қағып арқамнан,
Барамын десең, бар, қамдан.
Қазір-ақ сізбен, ататай,
Кетемін десем, таң қалған.

Ататай, деймін, қалдырма
Күн ашық, көзім жаңбырда,
Көрсеткен мені Қызырға
Мың алғыс айтам тағдырға.

Жоқ жұтып мынау аш құрсақ,
Қарар ма жасқа қасқырша.
Желкілдеп өсіп келе жатқан,
Ұрғандай көкті тас бұршақ.

Жөнелді «шу» деп ат-арба,
Дүрбелең көшті шашарға.
Ағарып алда жол жатты,
Сүйектей салған сахарға.

Бұлыңғыр көкте бұрқырап,
Бұлттар жүр таппай бір бұтақ.
Шиқылдап арба мұң шағар,
Буыны құрып сықырлап.

Менің де әлім құрыған,
Ішімде бөрі ұлыған.
Үмітпен ғана, қиялмен,
Тойынып жүре жылыған.

Ойымды ерткен нелер жай,
Оятты сулы кемер сай.
Тас қайраң мөлдір жылғада,
Тасшабақ кілең өрер жай.

Үстінен түскен көп қойдың,
Қасқырдай суға бет қойдым.
Төрт-бесеуін сол жерде,
Тірідей ұстап жеп қойдым.

Еріп бір іште шабақтар,
Ашылған сынды қабақтар.
Қорқатын енді еш жай жоқ,
Түлкі құрсақта тамақ бар.

Мөлдір су, қош бол, қайырлы,
Түсінген менің жайымды,
Тас қайраңнан бір жетім
Тамағын күндік айырды.

Жылғалы сай, салқын саз,
Ұшқандай болды аққу-қаз.
Басымнан сипар адам бар,
Апам бар, алда көңіл-жаз.

Қызыл қыш көше қазарма,
Қазарма, әлде базар ма?
Ендік те, сонда кідірдік,
Сусындап белді жазарға.

Білетін сауап, обалды.
Қарттар-ай үміт оңалды.
Сөйлесіп сонда бір үйге,
Ізекен атты доғарды.

Үлкендер сөзді қойма ғып,
Өткенді кеткен ойға алып.
Отырды кешке, біз сыртта
Қосаяқ қуып ойнадық.

Жай түскен жайсыз шақ еді,
Табарсың қайдан бапты енді.
Ізтілеу ата арбадан
«Жамыл» - деп түнде қап берді.

Құрты бар жиырма шақтыдай,
Қозғағам түнде қапты жай.
Иесі ерте санады-ау,
Жеп едім бірін қап, құдай!

«Бірісі кем бе, немене?»-
Дейді қарт, енді сене ме?
«Жегем жоқ», - деймін, - тигем жоқ,
Көңілім әттеген-ей де.

Шалшық су, балшық, Шошқа көл,
Шетімен тартқан пошта жол.
Жеткізді бізді бір тұсқа,
Айқасқан сурет қолға қол.

«Түсе ғой,- деді, - қарағым,
Көрінген анау жылқы ауыл
Кірбастың қызы – апам деп,
Сұрасаң, анық табарың».

Қазақы тұрмыс құмды ауыл,
Дейді екен шетін жылқы ауыл.
Орскі орыс жерінде,
Үркердей шағын бір қауым.

Қайдан жүр дейді қиялым,
Бойымда қызық күй-ағын,
Көгілдір көздер дейтіндей,
Қаракөз жоқ-ау, зияның.

Пәленше ұлы дегендей,
Бір сұрақ берем мен өңкей.
Ала алмай жауап ешкімнен,
Тарындым енді өлердей.

Кірбастың қызын бір адам,
Білмеді, іштей жылағам.
Өркімнен тағы сұраймын,
Руы деймін Құламан.

Көрмедім жанға емгер-ай,
Атаға бөлмес елдер - ай.
Ішінде деймін Жантайлақ,
Одан да бері Кенжебай

Көңілдің аңғал сенгені-ай,
Елеске еріп келгені-ай.
Тым болмаса жанымда,
Болсаңшы жыртық сөлкебай.

– Бәтіш па? – деді бір апай,
Мінгендей болдым құла тай.
Білместігімді қарашы,
Өз атын атап сұрамай.

Жалаңаяқ ендім апам үйіне,
«Бауырым!» деп жылады апам, күйіне.
– Бұл кім еді? – дегендей ме жездеміз,
Қарай берді, қас қабағы түйіле.

Жеті рулы жағалбайлы жерінен,
Қыз Жібек пен Төлегеннің елінен.
Ауып келген екен апам қоянда,
Айрыған соң арысынан, ерінен.

Қалған содан бұл мекенде тұрақтап,
Бір ұл, бір қыз, қалай оны жылатпақ.
Егде демей етегінен ұстапты,
Жалғыз басты осы жездем, ұнап қап.

Сол бір кезде жеті-сегіз жастамын,
Жаңбырлы да, бұлтты да еді аспаным.
Қанша пысық болғанымен жалтақтау,
Қабағына қарап өскен басқаның.

Жездекемнің шырайынан нұр көрмей,
Жүрдім біраз, жүз жүгіріп, сыр бермей.
Тыл жұмысы келді де, қосқа ендім,
Жас бұғана, қатып әлі үлгермей.

№3 дала бригадасы,
Майдан үшін тек қана адам санасы.
Жеті-сегіз, он-үш-он төрт, он бес жас,
Осында екен барша ауыл баласы.

Кіл шиборбай, шимақайлар ілмиген,
Сабан шашты, шүңірек көздер кілмиген.
Өгіз мініп, пар ат жегіп жер айдап,
Тырма тартар жалғыз әуен, бір күймен.

Бөліп жармас, ешкімді де кең дала,
Өзекке нәр, аш-арыққа емхана.
Кіл сары үрпек, арасында қоп-қоңыр,
Поганальшік қазақ бала мен ғана.

Ол күндерім жүректе тұр емес пе,
Айналған жоқ, айналмайды елеске.
Махорка орап, сарғыш мұртын ширатып,
Отыратын бригадир шал әлі есте.

Балаларды аяушы еді анадай,
Өзінің де көңілі бір баладай.
«Сынок, сынок, көзіңді ашшы» – дейтұғын.
Құлай берсек, тұруға ерте жарамай.

Бірімізді енді ояттым дегенде,
Оянғаны құлар қайтып еденге.
Әлі құрып сілкілеумен ұлдарын,
Отыратын қарап сосын көгенге.

Түтін емес, жұтатындай шал жасын,
Балалардың көріп тұрып қалжасын.
Ұйқылы ояу жылынуға іздейміз,
Пысылдаған шаруа өгіз арқасын.

Торғай шырыл, таң азаннан дірдектеп,
Сабан айдап, масақ теріп жүрмеп пе ек.
Ұшып кеткен көңілдегі қарлығаш,
Қуаныштың қайда екенін білсек деп.

Сонау алыс батыстағы жат елден,
«Жеңіс!» атты ұлы хабар әкелген.
Сол қарлығаш қанатымен су тасып,
Жүріпті ғой қан майданда от өрген.

Омырауы орден, медаль жеңіске,
«Әке,- дедім – мұным сірә теріс пе?
Ер емес пе ол, ер емес пе – бабамдай,
Қаймықпастан қарсы ұмтылған фашистке!»

Бәрімізге жақын еді ол қандай,
Тек атының өзі пана болғандай.
Сәуір мінез, кең пейілді тыныштық,
Өр кеудесі тау-далаға қорғандай.

Өртенді өлке, болды лезде тұмған көп,
Өміріндей кеткендердің құрбан боп.
Жеңіс – әке, балалықтың бал күнін,
Қиын шаққа қайта оралдырған жоқ.

Сонау жылдар соғыстың өз тосындай,
Еске түсе бұзылады түсім жай.
Жеті жаста айдаған тұл біздерді
Бейбіт күннің ашық абақтысындай.

Сол абақтан алып шыққан ағалар,
Қабырғасы қайыспаған, қар жаудырған қара нар.
Секпілденіп көрінеді шөкпейтін,
Бұл істерді заманалар бағалар.

Ащы тағдыр, шүмектетіп келмекті,
Жылқы ауылда Жақия жүріп ер жетті.
Осы арада, ол хат жазған Маржан қыз,
Осы арада оған құрдас тентектер.

Ақсары қыз Гудронға кеткен күн,
Секілді бір көшкен алтын, өткен мұң,
Тойға жетіп беташарын Маржанның
Орта жолдан үзіп тастап, кеткенмін.

Көңілдері төгіп өтер жаңбырдай,
Қанапия, Боранбай мен Жаңбырбай,
Армысыңдар, аман ба сол күлім көз,
Көрген адам қала алмайтын жаңғырмай.

Өтті-кетті балалық шақ десек те,
Мына мені ортаңда деп есепте.
Туған жердің, өскен жердің түтінін,
Сағындырар, бағынбай еш есепке.

Отыз бір жыл мекен болған оңтүстік,
Кешір мені, құшақ жайып қол қыстық
Егде тартқан сайын мені ойлантар,
Кіндік кесіп, кір жуған жер көзге ыстық.

Қанда жүрек, қасиет күш ол қандай,
Қалардаймын, басты әуенім жырланбай.
Бабалардың аманаты, дәстүрі,
Азаматтық ісі күтіп тұрғандай.

Бұқарбайдан, Жалғасбайдан, Есеннен,
Ұл бала боп жалғыз қалған шешемнен.
Мен-ақ едім, Абдоллаға мың шүкір,
Оңтүстікте өсіп-өндік десем мен.

Бір шабадан, жалғыз ғана шинельмен,
Түсіп едім Шымкенттен, сен елден,
Келген сынды, әзіз жанды ағаны,
Сағалаумен, құрметке ен бөленген.

Ермекбаев деген есім маған да,
Жақын болды әке дейін, ағам да.
Жетім жүрек лүпілдеді кездесіп,
Оңтүстіктің бір лебіндейін самалға.

Мен шөлдеп ем мейірімге, шуаққа,
Болды ағамыз дертке қамқор, қуат та.
Жанға қуат іздеп жүріп кез болдым.
Шөл қандырар мөлдір бастау бұлақта.

Әсем екен оңтүстіктің жері де,
Есік алды көк қозыдай, жері де.
Көктем келіп, ерте түсіп бұл жаққа,
Бал өрігі сыбырлайды серіге.

Жазы ыстық, қысы жылы құшақтай,
Қалам қалай, дос пейіліне ұқсатпай?..
Ыстық мұнда қара көздер жанары,
Әдемі бір, әдемі бір, ысаптай.

Хиуалы, миуалы базары,
Оттан түспе сахы тірлік қазаны.
Хан атлас киген сұлу жеңгейлер,
Қалтаңызды қағып қалар, азары.

Алған жары жақсы болсын жігіттің,
Деген бар ғой, қарап сонда күліп күн.
Қазалыда Даража апам сый тартты
Ұстатты да алтын бауын кілттің.

Отау аштық, бақыт кілті – Изада,
Сене алғам жоқ, мына ғажайып сыйға аса.
Жүр екен ғой қарындасын жездемнің,
Бек ұнаттым деп ініммен үй болса.

Былайша келін болған құдашам,
Екеумізді тағдыр талай сынаған.
Сыйлайтыны дос көңілді, дәстүрді,
Бауырмалдық қасиеті ұнаған.

Қалың қарда, жалғыз жаяу омбылап,
Қарыс жерге он сүрініп, он құлап.
Шынжыр табан жүре алмаған боранда,
Туыс үшін барған алыс ол, жылап.

Барған алыс нағашымның ауылына,
Дүниеден қайтқан ене, бауырына.
Рух үшін Орскінің қысы тым қатты
Қысын жеңіп десем, сөзім даулы ма?

Тым асырап мақтамаған зайыбын,
Қазекеннің бірімін ғой, айыбым.
Жұмсақ мінез, жеңсе ашулы аязды,
Келін бала ізетімен қайырым.

Дәстүрінен жаңылмаған қайда да,
Нәзік бала емес екен, жәй бала.
Басын тіккен ата-баба жолына,
Келіндермен жарық қой бұл айнала.

Келініне енесінен дари ма,
Изада да аумаған сол Зағипа.
Деуші еді апам үш ұл, екі қыз өсірдік,
Қасым, Жамболат, Гүлжан, Марат, Динара.

Қайтем жұртым, әңгіме етпей отбасын,
Отан оттан бастау алып жатқасын.
Ендігі жол жеңіс тартқан жолдар ғой,
Осыменен қызыл тілім тоқтасын.

1987 жыл

Содан кейін Шымкентке қайтып аман-есен
оралып өмір сүріп жаттық. Жақия Бұқарбайұлы
өзінің барында жақындарының бәрімен араласуды
жақсы көретін. Бәтіш апасының ұрпағын да
іздеп тауып, ол жиен ағайындар да бізге келіп
хабарласып тұрды. Анасының сіңлісі Нәзираның
бір ұл, бір қызы қалған екен, сол Өтеген,
Мәриямкүл бөлелерін де өте жақсы көрді.

Мәриямкүлдің ағасы
Өтегенді өз қамқорлығына
алып, жоғарғы оқу орнын
бітіртіп бас бухгалтер деген
мамандығын алды. Өтеген
Аралдағы Қаракұм елді
мекенінде үлкен совхоздың
бас бухгалтері қызметін
атқарып үлкен абыройлы
азамат болып қалыптасты.
Әйелі Тәрбия екеуі бес бала
тәрбиелеп өсірді. Қазір
Мәриямкүл мен
Өтегеннің балалары
біздің қасымызда.

1995 жылы
тағы да елге
барамын, деді. Ата-
бабамның белгісін
көремін, қалай
тұр екен, деп
құран оқытып,
қайтарда балаларын
шақырып алып:
«Мінекей біздің
ата-бабамыздың
жайлаған жерлері.

*Жақияұлы Жамболат
балалық шағы*





Аралтөбе. 1995 жыл

Менің кіндік қаным тамған туған жерім осы. Осы жерді мен көңілімнен шығарғым келмейді. Туған жер өте ыстық болады екен. Қанша жерге барып жүрсем де осы жерді аңсай беремін. Сендер де келіп тұрыңдар, немерелерімді ертіп келіндер» деп, балаларына ескертіп еді.

Сосын ауылдағы жағдайды көріп, тұрмыстары нашар екен, мектебі тозып бара жатыр, балаларға мектеп керек, бұл жердегі жас ұрпақ оқып, білім алуы керек, сол үшін жастарға көмек көрсету керек. Өз басымнан жетімдік өткеннен кейін мен жастарды қолдап, олардың адал азамат болып өскендігін қалаймын. Сондықтан елге көмек көрсетіп тұрыңдар, деп балаларына тапсырды.

Балалары әкесінің айтқанын орындап, осы мектепті салуға атсалысты, енді жәрдем беріп жатыр. Ауыл балаларының оқу қаражатын төлеп, жоғарғы білім алуына да көмектестік. Бұны айтып отырғанымыз бергенімізді айтайын, деп емес, қолымыздан келген жақсылығымызды ғана айтайын дегенім.

Осы жағдайды көріп, біліп отырған ел азаматтары, мектепке Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлының есімін беру туралы шешім қабылдады.



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

2017 жылғы

Астана, Үкімет Үйі

от 2017 года

Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың есімі берілсін.

2. «Қызылжұлдыз орта мектебі» мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының «Жақия Сәрсенов атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев



Жәкең құрметті зейнетке шыққаннан кейін, өзінің ойында бір кітап жазу бар еді. Бірақ, ол ойына жете алмады. 2002 жылдың мамыр айының аяғы, маусымның басында біз Солтүстік Қазақстанға Бекет Тұрғараев деген інісінің 55-жылдық мерейтойына шақырып, көп азаматтар барды. Сол жақтан қайтып келе жатып, жолдан Астанаға соғып дәрігерге көрінгенде бір аурудың

Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
ҚЫЗЫЛЖҮЛДЫЗ
СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ



Актюбинская область
Айтекебийский район
РЕШЕНИЕ
АППАРАТА АКИМА
ҚЫЗЫЛЖҮЛДҮЗСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

Аралтөбе селосы
Былшық би көшесі № 26 үйі
Тел.: 23-3-01

село Аралтөбе
ул.Былшық би д. № 26
Тел.: 23-3-01

Аралтөбе селосы

№ 3

«05» наурыз 2012 ж.

Қызылжұлдыз селолық округі
әкімінің 2008 жылғы 23 маусымдағы
№ 2 «Көшелерге атау беру туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Ақтөбе облысы Әділет департаментінің
Әйтеке би аудандық әділет басқармасы
Нормативтік құқықтық акт
2008 жылғы «20» наурыз
Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркөудің тізіліміне
№ 3-2-149 болып енгізілді

Қазақстан республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін
өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына және Қазақстан
Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан
Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 14-бабы 4)
тармақшасына сәйкес, жергілікті халқының пікірін ескере отырып,
Қызылжұлдыз селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызылжұлдыз селолық округі әкімінің № 2 «Көшелерге атау беру
туралы» 2008 жылғы 23 маусымдағы шешіміне (Нормативтік құқықтық
кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-2-51 ретпен тіркелген, 2008
жылдың 11 қыркүйегіндегі «Жаңалық жаршысы» газетінде № 37 (1496)
санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Жакия Бұқарбайұлы Сәрсенов» - бұрынғы Қызылжұлдыз
селосының тұрғыны, қоғам қайраткері. Екінші көше «Жакия Бұқарбайұлы
Сәрсенов» деп аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау село әкімі аппаратының
бас маманы О.З.Абдигалиевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияданғаннан кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылжұл
ок



А.Төлебаев



Жакия Сәрсенов атындағы көшесі

шеті шығып, көп көрінуге тура келді. Бірталай
тексерілді. Мәскеуге дейін бардық. Сол жақтан
ауру басыңқырап кетті. Сонымен сегіз айдай
ауырып, ақыры аяғына тұра алмады.

Жәкең өмірден озған соң, бізге де оңай болған
жоқ. Біраз қиындықтан не істерімізді білмей,
уақыт өтіп жатты. Дегенмен Алланың салғанына
адам көнеді екен. Осы жылы тамыз айында өзімнің
анам да дүние салды. Анадан айырылу оңайға
соққан жоқ. Екі аяғын ат етіп, екі қолын қамшы
етіп асыраған анамыздан айрылып қала бердік.

Өмірден өтті, елге келіп ас беруіміз керек болды. Сол асты беру үшін біраз қиындықтар болды. Өйткені біраз жылдар елмен қатынас болмай қалғандықтан, арамыз үзіліп қалған еді. Содан бізге Ақтөбедегі Мәйтеков Амангелді ағайды балалары арқылы тауып алып, сол кісі бізге Аралтөбедегі жиеніміз Айтжанды тауып берді. 2003 жылы қазан айында өзіміз елге барып, ата-бабаларына қосылды, деп, ағайын-туыстарына асын беріп қайттық.

Сөйтіп жүргенде 6-7 жыл өтіп кетті. Арада бір қуаныш, бір ренжулер болып, өмірге немерелер келіп жатты. Немерелердің сүндет тойын жасау керек болды. Тойды өзіміз отырған жерімізде, еліміз Шымкентте ағайындарды шақырып жасадық.

Жамболаттың балалары Жантемір мен Әлкеннің 2008 жылы сүндет тойына анамның төркін жағы Мұса ініміздің тойға тарту еткен өлеңі:

ТОЙҒА ШАШУ

Ұландарым, құтты болсын тойларың,
Әрқашан да биік болсын ойларың.
Мұсылмандық бойларыңа Нұр беріп,
Тойға ұлассын мына «сүндет» тойларың.



*Жантемір мен Әлкеннің сүндет тойы.
2008 жыл*

Қуаныш пен шаттық заман көріңдер,
Болашақта бір Аллаға сеніңдер,
Күш-жігерің Алла құйып бойыңа,
Жақсы азамат болып өсе беріңдер.

Жақиядай атаң болған алдында,
Изададай асыл сүйген жардың да,
Сол Жақаңның алтындай нұр бейнесі
Жүректерде жазылып мәңгі қалды ма?

Әкең сенің алдындағы Жамболат
Алла берсе қазақтарға хан болады.
Биіктерден көріне берсін әкешің,
Ғайып-ерен, қырық шілтен жар болады.

Аналарың алдындағы Айман ғой,
Сендер үшін жүректерін жайған ғой.
Дастарханға ағайын туыс шақырып,
Жасап жатыр өздеріңе ұлы той.

Үлкен әкең - алдындағы Қасымхан,
Раушандай шешенменен тасылған.
Марат ағаң жүр жүгіріп қуанып,
Шолпанменен бірге жаны қосылған.

Тәтелерің Динара мен Гүлжанға,
Бүкіл әлем екеуіне қараған.
Жүрген жерін нұрландырар екеуі,
Жақсы көрер сондықтанда бар адам.

Жантемірім жүрген жерде сыйлы бол,
Ел билейтін, басыңменен мұлы бол.
Алла жар боп алға қарай жүре бер,
Өмір деген жазылмаған қилы жол.

«Әлкенім, өнерлі бол, нұрлы бол,
Жүрген жерің той-думанды, жырлы бол.
Жігітке аз қанша өнерлі болса да
Шырағым, сен сегіз қырлы, бір сырлы бол.

Қолыңды жай, мен батамды берейін,
Ғайыптан күш келеді деп сенейін.
Айтеке би аруақтары жар болып,
Ұлдарымды биіктерден көрейін.

Ғайып-ерен қырық шілтен қорғасын,
Қыдыр болсын қасыңдағы жолдасың!
Алла беріп өмірі мен бақытын,
Бастарыңа еш жамандық болмасын!

Әумин!

20.10. 2008 жыл.



*Жақияұлы Марат
балалық шағы*

ТОЙҒА ТІЛЕК

*(Үлкен қызым Гүлжанның тойға
арнаған тілегі)*

Бүгін бір той өтіп жатыр тамаша,
Көз тоймайды, қауым жұртқа қараса.
Дос-жарандар Жантемір мен Әлкенге,
Ақ тілектер айтып жатыр жарыса.

Жаңа жайып келе жатқан өркенің,
Осы жастар өрендері өлкенің.
Алыс-жақын ағайындар бас қосқан,
Ұлы той бұл – Жантемір мен Әлкеннің.

Жантемір ер толып бүгін алтыға,
Келіп отыр мұсылмандық қалпына.
Мектепке де құтты қадам басыпты,
Қажетті жан боламын деп халқыма.

Ал, Әлкенге бары-жоғы жарты жыл,
Арабияда жарық көрген алтын ұл.
Мұсылмандықты қабылдаған Дубайда,
Айтулы адам болар дейміз жалпы бұл.

Көрмесе де Жақиядай атасы,
Алла алдында қабыл болып батасы.
Дүниеге келген осы немере,
Болмас, сірә, қадамының қатасы.

Жамболат пен Айман сынды ата-ана,
Балаларсыз бойға асы бата ма?
Аружаны, Жантемірі, Әлкені -
Күндері ғой, күнсіз таңы ата ма?

Бірі аялап, десе жарық, жарқыным,
Бірі аймалап, десе асыл алтыным,
Әлі ертең-ақ екеуі де ержетіп,
Шыға келер ұланы боп халқының.

Соның үшін тамашалап, тамсанып,
Ақ тілектер ақтарамыз қаншалық.
Тойы тойға ұлассын деп қос ұлдың,
Таң атқанша би билейміз, ән салып.

Ұландарға Жаратушы жар болсын,
Ұлан-асыр қайрат-күші бар болсын,
Татқанымыз тіл үйірген дәм болсын,
Айтқанымыз әзіл-күлкі, ән болсын!

*Жақияқызы Гүлжан
балалық шағы*



Диас пен Таурдың сүндет тойы

Той тойға ұлассын, деген халықтың сөзі қабыл болып Мараттың да балалары, Диас пен Тайырдың тойын өткіздік. Соған мың да бір шүкіршілік, деп отырмыз. Уақыт өте келе менің де жасым жетпіске келіп қалыпты. Бұл да бір белес, 70-жылдығымды балаларым, ағайын-туыс, құда-жекжатпен, бала-шаға өнерін көрсетіп той жасадық. Сондағы сіңлім Жеткерген қызы Ләззаттың тартуы:

Тарихтың 20-ғасырдың беттерінде,
40-шы жылдың сол бір көктемінде,

Білді ме екен дәл осындай той боларын,
Күлпатша ана алғаш сізді өпкенінде.

Ерке едіңіз бойжеткен кеше сіздер,
Неше қыстар өтіпті, неше күздер.
Енді бүгін бақытты анасыз ғой,
Осы отырған барлығы шешеміз дер.

Бүгінгі күн анасыз ғой, сол баяғы ерке қыз,
Жиылып ағайындар, ән мен жырын шертеміз.
Өттеген-ай, әттеген-ай Жақиядай әкеден,
Айырылып қалыппыз ғой амал қанша, ерте біз.

*70-жылдық мерей той.
Изада немерелері Аружан мен Дариға*



Ақыл бізге әрбір айтқан сөздеріңіз,
Қамқоршыл болған көп қой кездеріңіз.
Есіңізге бір сәтке түсірейін,
Жеткергенді жетектеп жүргеніңіз.

Ұлдарыңыз әлпештейді, оған шүкір етерсің,
Бұл өмірде Изада апа, бақытты жан екенсің.
Қыздарыңыз еркелетіп жүрсін әрдайым,
Келіндерің алдыңыздан қия кесіп өтпесін.

Алдыңыздан шықсын талай ғажайыптар ғаламат,
Жүзге жетіп денсаулығың болсын деймін саламат.
Шын жүрекпен тойымызды шашу шашқан жырымен,
Сіңілің деп білерсің Жеткерген қызы Ләззат.

Сызылтып баурап алар салған әні,
Кеулімжайдың ұрпағын жалғағаны.
Артыңнан ерген ініңнің жан жары ғой,
Қарсы алыңыз келініңіз Күлбаланы.

Бес-алты жылдан кейін балаларымыз әкесінің
жетпіс бес жасқа толғанына байланысты елге
барып 2009 жылы ас беріп, құран оқыттық. Жақия
Бұқарбайұлы 75-ке толғанда, еліне барып, ағайын
туыстарын, ел жинап, тағыда асын бердік. Осы



Аралтөбе. 2012 жыл

барғанда ұлдары Қасымхан, Жамболат, Марат,
қыздары Гүлжан, Динара баласы Асқармен, келіні
Шолпан немерелері Жантемір, Тайыр үлкендердің
батасын алып, атасының кіндік қаны тамған жерін,
елін көргенде үлкен әсер алып, риза болып қайтты.
Сол Аралтөбеде жиеніміз Айтжан, Мәдина бала-
шағасымен отыр. Мектеп оларға нағашылары
салдырғандықтан арқа сүйеу болды.

Сонда інім Егенберлі Әбдіраев жазып
Айтжаның қызы Амангүл, нағашысына арнап
домбырамен орындаған өлең:

«ЕЛІН АҢСАП ЕЛЕҢДЕГЕН»

(Жақия аға аманаты)

Еншім көп бұл өмірде алам деген,
Қол жетпей әлде бұған қалам ба екен.
Есімді енді жиған ұланым ең,
Анамдай қақшы арқамнан Аралтөбем.

Сағындым жан әкеммен анашымды,
Балалық іздеп мені аласұрды.
Қайтейін кебін кейдім жетімдіктің,
Қараңғы боп тұр өмір қапас сынды.

Көңілдің көрдім талай кетілгенін,
Бозбосқа бұл өмірде бекінгенмін.
Шырылдап шаңырақты іздегенде,
Есімді енді білер екіде едім.

Жыладым, сан сүріндім, жығылмадым,
Кешеден шүкір еді бүгін халім.
Ұрпағым келеді өсіп тетелесіп,
Әкемнің ақ тілегін ұғын бәрің.

Татар дән таусылғанша таңдайымнан,
Барамын ел жағыма арнайы сан.
Ыстық қой Аралтөбем ата қоныс,
Анамдай желі өпкен маңдайымнан.

Өткен шақ ізін салмай өтпейді екен,
Көңілден туған өлке кетпейді екен.
Талай жер табанымда қалса дағы,
Жеріне атажұрттың жетпейді екен.

Жақияқызы Динара
балалық шағы



Тірлікте таусылмақшы татар дәнім,
Сонымен өмірдегі батар да күн.
Ұрпағым ұғынса екен әкесінің,
Атажұртқа сөнбей өткен махаббатын.

Жүректе мұнды өмірдің сызы қалған,
Ғұмырдың тосты талай күзі де алдан.
Соңғы сөз бар балама айтар менің,
Соғып тұр ауылыма ізім қалған.



2014 жылы 80 жасқа толды деп, өзімнің інім, бауырым Жеткерген Кеулімжаев, құдағиым Гүлшат, балаларым мен немерелерім, бәріміз бірге барып асын бердік. Біз барарда ағайындылар Мәйтеков Амангелді ағай, өзімнің қолымда оқып кеткен Серік Төремұратова жолдасымен, біздің қолымызда жоғарғы білім алып кеткен Сәуле мен оның жолдасы, сол жақта совхоз директоры болып жұмыс жасаған Ерсайын, бәріміз қауышып, ас беріп, қайттық. Ағайындар риза болып батасын берді.

Жер шалғай, қайта қайта бара беру оңай емес, бірақ көп жағдайда барып тұрдық. Енді Сәрсенов Жақия Бұқарбайұлының есімі мектепке берілгенін біліп елге тағы да барып қауышып, арманымызды орындап қайтамыз деген ойымыз бар.

***Изада Кеулімжайқызы
Бұқарбай келіні***

ӘКЕМІЗДІҢ АРМАНЫ ӘРКЕЗ ОРЫНДАЛАДЫ

Жанымызға шуақ, көңілімізге қуат берген әкеміз өмірден өтсе де берген тәрбиесі бойымызға дарып, болашағымызды дұрыс бағдарлай беруге баули береді.

Он жыл, тіпті отыз, қырық жыл өтсін, әке есімі ешқашан ескірмейді, аманаты әркез жадымызда жүреді.

Бәрімізді оқытқан, тәрбиесімен қазақы қалыпты бойымызға тоқытқан әкемізге қолымыздан келетін бар жақсылықты көрсеткіміз келеді. Әрине, арамызда болмаса да рухы бізбен бірге. Сондықтан, біздің әр қадамымыз әке назарында жүргендей сезінеміз.

Балалығының балдәуренін атажұрт бойында еркін бойлап өткізбесе де, қаймағы бұзылмаған қазақы ауыл көңіл түкпірінде тұрды. Жырақта жүрсе де жүрек түкпірінде сақтап, бізге әңгімелеп, құлағымызға құйып отыратын. Анамыз да әлі күнге Аралтөбе елі мен жайсаң жері жайлы сөз қозғауды қалыпқа айналдырған. Біз ересектер біліп өсек, балаларымыз да аталарының атамекенін біліп өсері анық. Біздің ізгі ісімізді ұрпақтан, ұрпаққа жалғастыратын да солар. Осылай әкеміздің аманаты жалғасын таба бермек.



*Жамболат жазғы демалысқа келген кезінде.
Шымкент қаласы.Нестеров көшесіндегі үйде. 1984 жыл*

Біз Қызылжұлдыз орта мектебіне көмек қолын созып келеміз. Қай кезде де ол жақтан түскен өтініш орта жолда қалмайды. Бұл әке тілегіне деген перзенттік парызымыз еді.

Міне, жағымды жаңалыққа куә болып тұрмыз. Енді Аралтөбедегі орта мектепке әкеміз Жақия Сәрсеновтің аты берілді. Өзі өмірден ерте өтсе де, артына өшпес із, өлмес тәрбие қалдырған әкеміздің есімі мәңгілікке жазылды деген сөз.



Немерелері әжесін құттықтауда

Мектеп оқушылары енді біліммен қатар, білікті аталарының атын иеленген мектептің беделін биікте ұстап, өзгелерден озық боларына сенеміз.

Қаны мен жанынан қазақылықтың ең асыл қасиетін бойына сіңірген әкеміздің өмірі мен еңбек жолы жас ұрпаққа ұлағат болып, ізгілікке баурайтыны сөзсіз.

Ол жақта бабаларымыз мәңгі тыныстауда. Әкеміздің ізі қалған. Анамыз келін болып, киелі

өлкеге оң қадам басқан жер. Біздің кеш болса да, табанымыз тиген мекен.

Біздер Аралтөбені әркез аялай жүреміз. Енді бұрынғыдан да сағына қауыша түсеміз.

Өйткені, тасмүсін болса да, жүзінде мейірім ұялаған әкеміздің бюсті «балаларым келдіңдер ме?-дегендей күтерін, әке атындағы мектептің бізді құшағын айқара ашып тұратынын сезінеміз.

Сен бізге, аяулысың, Аралтөбе!

***Жақия Сәрсеновтің
ұрпақтары***



ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАНЫ ДОС ЖАҚАҢ ЕДІ

Марқұм Жақаңмен алғаш танысуыма себеп болған ауыл шаруашылығында есімі республикаға белгілі ғалым, профессор Әбдірахман Омбаев ағам еді. «Інім, соңғы кездері адамдар тағдыры тұралы жиі қалам тербеп жүрсің ғой, мен сені бір кісімен таныстырайын. Тағдыр-талайы, өмірбаяны бір кітапқа жүк болатын жан» деген еді бір кездескенде. Әбекең сөзінде тұрды. 2001 жылғы жаздың әдемі бір кешінде Жақия ағаның шаңырағына жолымыз түсті. Алғашқы әсер - келешек кейіпкерім сөзге сараңдау көрінді. Қаршығадай дене бітімі аса ширақ сыңайлы еді. Бір екі жылға жетер-жетпес уақытта бұл адам да өмірден озады, деп ол кезде кім ойлаған?!

Қалай болғанда да, сол кеш ұзақ сырластық, терең әңгімелестік. Бүгінде әбден болған-толған, «ішкені - алдында, ішпегені - артында», перзенттерін түгел жайғастырған ағаның жаңарынан әлі мұң тарқамағаны мені қатты таң қалдырды. Сол әңгімелесуден кейін-ақ Жақаңның өмірбаяны біздің ұлттың да өмірбаяны екенін терең түсініп қайтқандай болдым.



* * *

Марқұм Жақан өзінің туған күні былай тұрсын, туған жылының да дәл қай жыл екендігін анық ажырата алмай өмірден өтті. «Төлқұжатта «1934 жыл» деп көрсетілгендігі болмаса, ия 1929 жылы, ия 1930 жылы туылғанмын» деп отыратын. Ол үшін бір жарым жаста әкеден, екі жаста шешеден айрылған ұлды қалай кінәларсың?! Қайта оның сол бір қатал жылдардың тезінен, бүгінгі күнге дейін аман-есен жеткенінің өзі ерлік! Ал, есін біліп, етегін жапқаннан кейін балалар үйінің тәрбиесімен кетіп қалмай, тегін іздеп табуын Алла берген парасаттылық демеске тағы лаж жоқ.

Жақанның кіндік қаны тамған жер - Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданы жағы. Әкесі Бұқарбай марқұм да атадан жалғыз көрінеді. Бұқарбайдан апасы Даража мен осы Жақия. Екі жасқа толар-толмаста тұл жетім қалған ұлды Орынбор жақтағы нағашылары асырап алып, кейінірек орыс мектебіне береді. Бала Жақияға нағашысы дүниедегі ең қайырымды жан болып елестейтін. Обалынекерек, канаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады. Құдай жетімнің бұл бағын да көп көрді ме, кешікпей соғыс басталып, нағашысы батысқа алғашқылардың бірі болып аттанды. Көп кешікпей елге «қара қағаз» болып оралғаны да есте. Содан тұз-несібесі Домбаровск деген жердегі балалар үйіне тартып тұр екен, көзі жәутендеп кете барған.



Туасы, Жақан періште қаққан бала. Әйтпесе мынадай тағдырмен тірі қалу дегеніңіз...

Бірде сол балалар үйінде күнжіттен даярланған тоқашты жеп уланып қалғаны бар. Сүйретіліп базарға жетіп құлады. Көкейінде бір қайырымды жан кездесіп, бәлкім бір кесе айран әперер деген ой ғана. Ел әбден күйзелген шақ еді, ол кез және аш бала ешкімге таңсық емес, бұған жан пенде бұрылып та қарамады. Талықсып кеткен екен, бір уақытта Қыдыр атадай елестеп, бір қария мұны сүйемелдеп орнынан тұрғызды. Алғашқы сөзі “сен Бұқарбай марқұмның жалғызы Жақия емессің



бе?!» болды. Бұл танымады, сөйтсе елдегі Ізтілеу деген атасы екен. Бүгінде ешкім сенбес, қария бір кесе айран, бір тілім нан сатып алып, мұның көзінің жауын алып, өзі тамақтанған. Ындыны құрып өліп барады. Әлден уақыттан кейін «балам, мына Орск жағында әкеңнің немере қарындасы Бәтіш деген апаң бар. Мен сені сонда жеткізіп тастайын, өлтіре қоймас» деді. Сонымен ырдуан арбаға мінгесіп, жолға шыққаны есте. Тәулікке жақын уақытта бұлардың алдынан тасқайраң, бір мөлдір кемер сай жолықсын. Ізтілеу атасы атты арбадан босатқан. Әлгі тасқайраң мөп-мөлдір-ау, мөп-мөлдір, су астында ерсілі-қарсылы шабақтар

ойнап жүр. Бала Жақияның бұдан ары ойланып тұруға шамасы жетпеді, су астына түсіп, шалақ дамбалына төрт-бес шабақ іле шықты. Оны пісіріп жеуге дірмән жоқ, әлгі төрт шабақты бірінен кейін бірін тірідей жесін! Содан кейін есейгенде де «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген мақалды естігенде бір түрлі мұңайып қалатын...

* * *

Жә, бір кітапқа жүк болатын өмірбаянды бір мақалаға сыйғызам деу асылық болар, тәйірі. Оңтүстікке тағдыр айдап, 1957 жылы келген. Сол жылғы 15 ақпанда Шымкент қалалық асханалар мен ресторандар тресіне есепші болып орналасты. Мектепті үздік бітірген, мұның алдында да осы салада Қызылорда жағында төрт-бес жыл еңбек еткен Жақия жұмыста көп қинала қоймады. Бір қызығы, сол тұстарда бұл салада өңшең өзге ұлттың өкілдері жұмыс істейтін. Құдай берген қабілетінің, білімділігінің арқасында ешкімге жалғыздығын сездірмеді. Содан осы салада 40 жылға жуық уақыт табан аудармай қызмет атқарды. Аталған тресте, түрлі шаруашылық есептегі магазиндерде, іргелі өндіріс орындарының азық-түлік дайындау мекемелерінде, облыс орталығындағы ірі-ірі ресторандарда Жақан атқармаған қызмет жоқ десе де болады. Қай жерде қызмет істемесін, абыройсыз болған, Адам атына кір келтірген кезі жоқ. Тіпті,

1977 жылы «совет саудасының үздігі» белгісімен марапатталды. 1974 жылы Шымкент қаласындағы №56 шаруашылық есептегі ресторанға директор болып тағайындалды, ал, 1979 жылы бұл мекемеге тағы бір мекеме қосылып ірілендірілгенде де жоғары жақтағылар басшылыққа Жақанды лайық деп тапты. Ал, бұл мекемеге ірілі-ұсақты сауда нүктелерін қоспағанда «Шымкент», «Южный» ресторандары қарайтын. 1981 жылы 4-ақпанда №9 қоғамдық тамақтандыру жүйесі комбинатына директор болып тағайындалды. Осы мекемеде қызмет атқарып жүріп, өндіріске үлкен жаңалық енгізген. Жерлестеріміздің есінде болса сол 80-жылдардың ортасында Шымкент дүкендері мен мейрамханаларына шағын формадағы дәмі тіл үйіретін бөлкелер түсе бастаған. Өкінішке қарай, ел сүйсініп жеген осы бөлке дүкен сөрелерінен көп ұзамай жоғалып кетті. Ал, қарапайым тұрғындар Жақия Сәрсеновтің осы жаңалығы үшін қызметтен босатылғанын естіген де жоқ. Бұл да бір сол кезеңнің жазылмаған заңы болатын, ешкімнің де кеңестік идеология сызған тар шеңбердің сыртына шығып кетуге құқы жоқ еді.

Жақанның осы салада жүріп, абыройлы болғанына мысал жеткілікті-ақ. Бүгінде облыстық мемлекеттік сатып алу департаментінің бастығы қызметін атқарып жүрген азамат Будан Әбибуллаев айтып берген бір әңгіме естен кетпейді: - Жақан «Шымкент» ресторанына директор болып тұрған



тұста қызмет бабымен жиі жолығысатынбыз. Жарықтық, тамақтың ортасында отырып, түскі үзілісте үйіне баратын. «Жақа, мұныңыз не?» деп әзілдейміз ғой, баяғы. Уәжі «жеңгелерің даярлаған асқа жететін дәмді ас бар дейсің бе, өмірде?» деген жалғыз жауап болатын. Сөйтсек, артынан әңгіме ерткісі келмейді екен дә...

Сол Будан Асанұлы тағы да айтады: «Қызмет бабымен Жақан екеуміз Балтық жағалауы елдеріне іссапармен барғанбыз. Жасыратыны жоқ, ол елдердің сауда мәдениеті аса жоғары. Соны көріп қатты қызыққан Жақаннан маза кетті, ондағы



Мәскеу қаласы. 1989 жыл.

жаңалықтарды елге жеткізуге асықты. Екі сөзінің бірі «біздің қазақтың олардан несі кем?!» деген сөз еді».

Содан сауда саласында кешегі 1994 жылдың 1-карашасына дейін үзбей еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Құдайдың берген абыройы екен, зейнеткерлікке шықса да әріптестері Жақанды үйіне жиі іздеп келетін. Қазір өмірден өткеніне жылға жуық уақыт болды, енді перзенттерін іздейтін жандар көп. Жүздерінен сол баяғы Жақанның табын іздегісі келеді.

* * *

Кезінде періште қаққан бала Жақия мазмұнсыз өмір сүрмегенге ұқсайды. Ең алдымен өмірлік жары Изада апа екеуі тәрбиелі ұл-қыз өсіре білді. Жастарынан «алдында алтын жатса да айналып өт, себебі, ол сенікі емес, өзгенікі. Ал өзгенің бұйымына қызығушы болма» деген әке ақылын естіп өскен, інісі есепті болып кеткен ұлы Қасымхан бүгінде білікті инженер-энергетик, Жамболат Санкт-Петербургтағы санитарлық-гигиеналық институтты бітіріп, кейінірек Киевтегі аспирантураны тәмамдады. Гүлжан ҚазҰУ-дің тарих факультетін бітірді. Марат Мәскеудегі автокөлік жолдары институтының дипломын иеленді. Кенжесі Динара да инженер мамандығын осы Мәскеуден алып шықты. Қазір бәрі де өмірден өз орындарын тапқан. Көңілдегі жалғыз қаяулары - жасында әбден қиындық көрген аяулы әкелерінің орнын енді ешкім толтыра алмайтындығы ғана...

Қалай болғанда да, Жақанның өмірбаянынан біздің ұлттың соңғы 70 жылда жүріп өткен жолының сілемдерін анық аңғаруға болады.

***Абай Балажан,**
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты*



«ЖАҚИЯ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Жақия Бұқарбайұлы Сәрсеновтың балалары әкесінің атындағы қор ашып, көптеген қайырымдылық жұмыстармен шұғылдануда. Аралтөбе ауылына жасалынған көмектен басқа, 2012 жылдан бері «Жақия»

қайырымдылық қоры Алматы қаласы мен Алматы облысында «Күлімсіреуінді сыйла» стоматологиялық көмек», «Жақия Сәрсенов атындағы білім беру гранты», «Оқу орындарын қолдау» бағдарламаларын жүзеге асырып келеді.

Алматы қаласының №1-2 балалар үйлерінің Алматы облыстық №1 балалар үйінің, «Ковчег», «Перзент», SOS балалар ауылының, №10 мектеп-интернатының балаларына, жастар үйінің тәрбиеленушілеріне және «Ана үйі» мекемесінің шәкірттеріне стоматологиялық және ортодонтиялық қызмет көрсетіледі. Әр жыл сайын «Гигиена сабағы» тісті қалай тазалау керек сабақтары мен «Күлімсіреуінді сыйла» суреттер сайысы өткізіледі.



Білім беру гранты бағдарламасы бойынша 29 студент қабылданып грант пен стипендия иеленді. Сегіз адам жоғарғы оқу орнын табысты аяқтады, 1 адам оқу курстарын, 1 адам колледж бітірді, жеті студент 2018 жылы оқуларын аяқтайды.

Оқу орындарын қолдау бағдарламасы бойынша 2013 жылдан бастап әр балалар үйінде сыйлықтар сыйланып жаңажылдық мереке өтеді, сұраныстар бойынша жан-жақты көмек беріледі.

Қазақ баласы үшін туған жерден ыстық еш нәрсе жоқ. Олар қай жерде жүрсе де туған жеріне



деген сағынышы жүрегінің бір түкпірінде жатады. Жаздың аптап ыстығымен жамыраса жарысқан қозы-лактарға ұқсас ақша бұлттары, сайын далада жас баладай жүгірген самал жел ессе де, нөсерлеп жаңбыр жауса да, жапалақтап қар бораса да туған жер ыстық. Туған жердің тау-тасы, сылдырап аққан бұлағының күлкісі, би билеген қыздардай қатар тұра қалған ағаштары бар атамекен қашан да аяулы

Туған жердің құстарының жарыса ұшып аспанды әуелете салған әуезді үндері, желдің ығына жығыла майысқан шөптері, көк майсаға шомыла шапқан тай-құлындардың шабысы, жылқылардың кісінеген дауысы, қол ұстасқан бүлдіршіндердей айнала тұра қалған аппақ киіз үйлер... Бәрі-бәрі қазақ баласының пәк жүрегіне ыстық.





Отансүйгіштік- қазақтың әр баласына қанмен берілген қасиет. Осындай кең далада туып-өсіп «Отан оттан да ыстық» деп білген қазақ халқы дүниеге небір салт-дәстүрлерді әкеле білді. Соның бірі «Аманат» деген қасиетті ұғым.

«Аманат» атты терең ұғымды жүрегімен түсіне білу нағыз ұлтжанды тәрбие көрген әрбір қазақ перзентінің асыл қасиеті. Сондықтан барлық қазақ ата-баба аманатын орындауды ең бірінші парыз деп білген.

Туған жерін өмір бойы қастерлеп өткен Жақия Бұқарбайұлы Сәрсенов, балаларына өзінің кіндік қаны тамған жерге деген махаббат отын ешқашан өшірмендер, деп аманат айтып кеткен асыл азамат.

Асқар таудай асыл әкенің аманатын орындауды өздеріне қасиетті міндет санаған ұлдары мен қыздары әкесінің кіндік қаны тамған жерге қолынан келгенше қол ұшын созып көмек беруі нағыз азаматтық борышты орындау деп білу керек.

Жақия Бұқарбайұлы Сәрсеновтың әкелік аманатын орындап жатқан ұрпақтарының нағыз қазақтың ұлттық рухани дәстүрді биікке көтеріп істеген әрекеттері бар қазаққа үлгі боларлық үрдіс.

Жылжып жылдар өтер. Өмірде бәрі өзгереді, жан-дүниеге әртүрлі ой салған жаңалықтарға да талай куә боламыз. Бірақ өлшеулі тағдырда өшпейтін бір ғана нәрсе бар. Ол қазақылық пен азаматтықты, имандылық пен ізгілікті,



қайырымдылық пен кеңжүректікті көңілі мен өміріне қатар қабыстыра білген Жақия Бұқарбайұлы секілді аяулы ағамыздың кең төсінде көсіліп балалықты қызықтап өтпесе де, арайлы Аралтөбесін мәңгі сағыныш етіп өткені, балаларына аманаттап кеткені. Бұл тәлім, бұл тәрбие. Ұрпақтар сабақтастығы да осылай басталады.

Байлық та, бақ та, адам ғұмыры да өзгермелі. Ал, аяулы ағаның асыл қасиеті жылдар өткен сайын жаңарып, жылдармен жалғасқан ұрпақ көңіліне қазақ даласын кие санап, құрметтей білуге үндейді, ұмытпастай ұялатады.



Аға атындағы мектептен түлеген түлектер елдің мыңдаған болашақтарының қатарында десек, аға аманаты да солармен бірге жасай бермек. Олай болса, әр баласын өмір байлығына емес, көңіл байлығына тәрбиелеп өсірген тұлпар текті аға әркез арамызда.

Міне, адамдар арманы осындай өшпес ізгіліктен тұрса, артында дәуір желіне көмілмес көркем із қалады. Ал, ағаның ізімен ізгілікті ұрпақ жүреді, есіне сақтайды. Лайым солай болсын!








ЖАҚИЯ
ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ



ТУҒАН ЕЛГЕ САПАР

* * *

Жүйрік уақыт зымырап өткелі де,
Мәңгілік мекеніне кеткелі де,
Он төрт жыл әкесіз ғұмыр кешіп,
Ұл-қыздары зиярат еткелі де.

Дейміз ғой өмірге адам қонақ екен,
Шынымен жалған дүние шолақ екен.
Аман-сау арамызда жүрер болса
Нағашымыз 83 жасқа толады екен.

Толтырып өткен күнмен жыр тақтаны,
Қамыққан көңілдер де сыр сақтады.
Өнегелі өмірін үлгі тұтып,
Сағына еске алады ұрпақтары.

Нағашы мағыналы ғұмыр кешкен,
Адами қасиеті шықпайды естен.
Жалтармай тура билік айтқан адам,
Маңызды мәселені өзі шешкен.

Еңбегі ел алдында еленеді,
Марапат, сый-құрметке бөленеді.
Ол рас «Жақсының аты өлмейді»
Жарқырап есімі тұр туған жері
Аралтөбе мектебінде.



Атқарған азаматтық міндеті көп,
Имани ізгі істері – сүннеті көп.
Болғайды енді орыны жұмақ төрі,
Мұхаммедтің сүйікті үмметі боп.

Жатқан жері жайлы болып, топырағы торқа,
иманы жолдас болсын.

*Еске алушы:
Муратовтар отбасы*











*Қазақстанның белгілі мүсіншісі,
Өмірзақ Шанов мүсін жасау кезінде.
Алматы қ, 2017 ж.*

ӘКЕ ТУРАЛЫ ӘН

Әкедей тірек табылмас, әкесіз жүрек қағылмас.
Асқар тауың тұрмаса, жаныңның шамы жағылмас.
Әкемен өмір мәндірек, әкемен жатар ән түлеп,
Әкеге деген сағыныш, айтар ем қалар мәңгі деп.

Перзентін сүйген әкелер, аялап әр кез мәпелер.
Әке деген сұрасаң, аспаннан айды әперер.
Әкелер - сенім тірегі, ананың сүйген жүрегі,
Қосылса екі құдірет, орындалған тілегі.

Әкемен күнің жарық қой, әкелер деген алып қой,
Дүниеге келіп қуантсаң, жасайды саған анық той.
Әкенің сөзі оқ екен, әкеден асқар жоқ екен.
Қарайып жүрсе қасыңда уайым - қайғы жоқ деген.

Әкемен мықты жігерің, әкемен өскен тілегің.
Соқтырған екен перзенттің әкеге деген жүрегін.
Әкемен басың жоғары, әкемен орның толады.
Әкесін сүйген баласы қасында мәңгі болады.

Аман болсын асқарың, өтер - өмір қас-қағым.
Тіршілік тілі - әкелер, қадірлей біл, жастарым.

Құрманай Бақтиярқызы

СӘРСЕН ТЕГІ БҰҚАРБАЙҰЛЫ ЖАҚИЯ

Бір жарым жаста әкеден,
Екі жаста шешеден,
Қалған ұл ең, дариға-ай,
Сорға тұнып пешенен.

Қайралдың да кетілдің,
Жетімдік көріп жетілдің.
Жапырақ жайған түздегі,
Бәйтеректей бекіндің.

Саған жоқ-ты жат есім,
Кімнің де кештің қатесін.
Дамылда енді мәңгіге
Жаны сұлу әкешім.



ЖАҚИЯ

ТУҒАН ЖЕРГЕ МЕЙІРІН ТӨККЕН

МАЗМҰНЫ

Жақия аға ескерткіш - белгісі алдындағы ой	5
ЖАҚИЯ. Туған жерге мейірін төккен	8
Өмір жолым	22
Тойға шашу	42
Тойға тілек	46
Елін аңсап елендеген	52
Әкеміздің арманы әр кез орындалады	56
Жақсылыққа жаны дос Жақаң еді	60
«Жақия» қайырымдылық қорының жұмысы туралы	70
Туған елге сапар	84
Әке туралы ән	95
Сәрсен тегі Бұқарбайұлы Жақия	96